

Садықова Раиса Толеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» атты «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Картаева Айжан Маратбекқызының

ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; - «Әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер». <p>Жұмыс білім және ғылымның негізгі тенденцияларына сәйкес жүргізілген. Алынған нәтижелерді әдебиеттану ғылымында, сонымен қатар «Алаш әдебиеті», «Публицистика тарихы» пәндерін оқыту барысында қолдануға болады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / ашылмаған.	<p>Диссертация ғылымға елеулі үлес қосады. Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының көсемсөздік мұрасы әдебиеттану ғылымы түрғысынан әлі зерттелмеген. Ғылыми еңбек белгілі бір мөлшерде осы олқылықтың орнын толтырады.</p> <p>Жұмыстың маңыздылығы дәлелденген: жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы толықцанды</p>

			көрсетілген Алаш қайраткерлерінің әдебиет ғылымына қосқан үлестері талданып, дәйектелген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазуы деңгейі жоғары, өйткені зерттеу тақырыбы бойынша көлемді теориялық әдебиеттер қарастырылып, сынни талдау жасалған. Жаңа тақырыпты талдау арқылы проблемалық мәселелерді шешудің жолдары ұсынылған. Зерттеу объектісі – бұған дейін зерттелмеген тақырып. Жұмыстың жоғары деңгейдегі дербестігін Алаш көсемсөзшілерінің өмір тәжірибесін ғылыми түрғыда тұжырымдал, әсіресе рухани-мәдени дәстүрлер мен дүниетанымдық құндылықтарын қайта жаңғырту мен тұтас ғылыми жүйеде қарастыруы айғақтайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) <u>айқындаиды</u>; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды.</p> <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияда қарастырылған мәселелер өзекті. Халел Фаббасұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің Семей кезеңі жан-жақты қарастырылып, жер, тіл, дін және т.б. туралы көсемсөзінің идеялық тақырыптық түрғыда талдануы, көсемсөзшінің Алаш азаттығы жолындағы күреспекерлік қызметі мен әдеби көсемсөздік мұрасының ұлт тарихы мен әдебиетіндегі алар орнын дәйектеуі диссертацияның өзектілігін айқындаиды.</p> <p>Диссертацияның мазмұны тақырыпты толық айқындаиды. Ғылыми жұмыста көтерілген мәселелер: XX ғасыр басындағы семейлік әдеби орта және Халел Фаббасұлының әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани ізденістері логикалық және дәйекті түрде зерттеудің үш тарауында ашылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеті тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыс айқын көрініс тапқан мақсат пен міндеттерден туындаитын қабылданған теориялық принциптерді ескере отырып құрылымдалған. Белгіленген міндеттер мақсатқа жету тәртібін ашады.</p>

	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдері толығымен өзара байланысты. Зерттеудің барысында алынған нәтижелер ішкі бірлікпен және логикалық дәйектілікпен сипатталады. Алынған нәтижелердің анықтығы, ішкі бірлігі зерттеушінің ұстанымын дәлелдеумен, талдауға дәйекті тәсілдерді тандаумен, жұмыстың толықтығы және тұтастығымен қамтамасыз етілген.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Диссертациялық зерттеуде сынни талдау бар. Автор тарапынан ұсынылған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5. Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Фылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Р.Садықованың диссертациясы жеткілікті түрде зерттелмеген немесе мұлдем зерттелмеген бірқатар мәселелерді шешеді. Алынған жұмыс нәтижесі толығымен жаңа болып табылады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Зерттеу жұмысының қорытынды бөлігінде ұсынылған диссертация қорытындыларының жаңашылдығы күмән тудырмайды. Диссертацияның барлық негізгі қорытындыларының жаңалығы – олардың диссертация тақырыбымен, оның мақсаты мен міндеттерімен, қорғауға шығарылатын мазмұны мен ережелерімен толық арақатынасымен негізделеді.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	Технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша).</p>	<p>Садықова Раисаның диссертациясында алынған әрбір нәтиже, берілген қорытындылар ғылыми тұрғыда нақты дәлелдермен негізделген.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) <u>жоқ.</u> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 2) жоқ. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар 2) орташа 3) <u>кен</u> 	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары ғылыми теориялық конференция материалдарында және ғылыми басылымдарда жарияланған.</p> <p>7.1 Бірінші қағидат дәлелденді. Өйткені диссидентант тарапынан көтерілген мәселелер жетілдіріп, жүйеленген. Екінші қағидат дәлелденді. Алаш арыстарының семейлік әдеби ортада бірігуінің қоғамдық, саяси, рухани, әдеби, мәдени себептерін анықтайтын ғылыми дәлелдер ұсынған. Үшінші қағидат дәлелденді. Алаш қозғалысындағы Халел Габбасұлының қоғамдық-саяси қызметі нақты мұрагаттық деректер негізінде толықтырылып зерттелген.</p> <p>Төртінші қағидат дәлелденді. Халел Габбасұлының әдеби-көсемсөздері, сонымен бірге XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзінің жанrlары ғылыми тұрғыда сипатталып, олардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері ашылып</p>

	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u> 2) жоқ</p>	<p>талданған.</p> <p>Бесінші қағидат дәлелденді. Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі мен әдеби-көсемсөздік мұрасының халық тарихы мен ұлт әдебиетіндегі тағылымдық мән-маңызы дәйектелген.</p> <p>7.2 Бірінші қағидат тривиалды емес, өйткені ол әдебиеттануғылымының жетістіктерін кеңейтеді және тереңдетеді. Екінші қағидат та тривиалды емес, өйткені Алаш қайраткерлерінің Семейлік кезеңіндегі әлеуметтік ағартушылық қызметінің маңызын талдаپ, жаңа көзқарас түрғысынан бағаланған. Үшінші қағидат тривиалды емес, өйткені Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси қызметі нақты мұрағаттық деректермен дәйектелген. Төртінші қағидат тривиалды емес, себебі Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздері ғылыми түрғыда сипатталып, олардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері талданған. Бесінші қағидат Алаш арыстарының әдеби-көсемсөздік мұрасының халық тарихы мен ұлт әдебиетіндегі орны мен маңызын зерделеуіне байланысты тривиалды емес.</p> <p>7.3 Бірінші қағидат жаңа, өйткені Халел Ғаббасұлының ғұмырнамасы, әсіресе Семей кезеңі барынша кең де тыңғылықты зерттелген. Екінші қағидат та жаңа, Халел Ғаббасұлының ұлт баспасөзінің дарынды басшысы, ұйымдастырушысы еkenін дәлелдейтін ғылыми дәлелдер ұсынылған. Үшінші қағидат жаңа, өйткені Халел Ғаббасұлының семейлік әдеби ортада атқарған қоғамдық-саяси, қайраткерлік еңбектері ғылыми түрғыда талданған.</p> <p>7.4 Көрсетілген барлық қағидаттардың қолдану деңгейі кең. Жоғарғы оқу орындарының әдебиеттану, әдебиет тарихы бағыттары бойынша қолдану аясы кең. Сонымен қатар қазіргі танда Алаш қайраткерлерінің әдебиет пен мәдениет,</p>
--	--	---

			<p>ағартушылық саладағы атқарған еңбектерін зертте, тиісті бағасын беру өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан тәжірибелік қолдану түрғысынан көрсетілген мәселелердің аясы кең.</p> <p>7.5 Бірінші қағидат келесі мақалаларда дәлелденген: «Халел Фаббасов: Өмір мен өріс мектептері» (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. -№ 1(126)/2019.), «Алаш қайраткері Халел Фаббасұлы және оның ұрпақтары» (Ш. Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы. Филология сериясы. -№4, 2019); Екінші қағидат «Халел Фаббасұлының «Сарыарқа» газетіндегі әдеби-көсемсөздік еңбектері» (Қазақстанның ғылыми мен өмірі. - №12/2 2019), «Literary myth and journalistic logos: from contrast to integration» (Journal of Language and Linguistic Studies. -№17 (3) 2021) мақаласында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) жоқ.</p>	Әдіснаманы таңдаудың негізdemесі және оның сипаттамасы бірінші тарауда, жұмыс барсында тұжырымдамалық сипаттамаларды көрсетуде жеткілікті түрде толық ұсынылған.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) жоқ.</p>	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерін өндеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар,	Диссертацияда теориялық қорытындылар жасауға

	<p>модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 2) <u>жоқ.</u> 	<p>М.Қозыбаев, С.Қирабаев, Ж.Әбділдин, Н.Бекмаханова, К.Нұрпейісов, Р.Нұргали, М.Қойгелдиев, Қ.Алдажұманов, Т.Омарбеков, Т.Жұртбай, Д.Аманжолова, Д.Қамзабекұлы, С.Жұсіп, А.Шәріп, А.Ісімақова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектеріндегі тұжырымдар негіз болған.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> /<u>расталмаған</u></p>	<p>Зерттеуші диссертациясының маңызды тұжырымдары көкейкесті ғылыми әдістемелік әдебиеттерге жасаған сілтемелермен расталған.</p>	
	<p>8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / <u>жеткіліксіз</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті, 144 әдебиетке шолу жасалған.</p>	
9.	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызыбар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 2) <u>жоқ.</u> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 2) <u>жоқ.</u> 	<p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысында Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік мұрасы алғаш рет жүйелі түрде қарастырылып, тақырыптық идеялық түрғыда талданады.</p> <p>Зерттеу материалдары мен нәтижелерін практикаға енгізу үшін жоғары оқу орындарында «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Қазақ публицистикасының тарихы», «Алаштану» сияқты дәріс курстары мен элективті пәндерді жүргізуге пайдалануға болады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 	<p>Диссертациядағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының тақырыбы өзекті, мақсаты мене міндеті айқын.</p>	

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Автордың тілдік мәдениеті жоғары деңгейде. Бұл – зерттеушінің жазу стилінің айқындылығынан, жүйелілігінен, тұжырымдарының дәлелділігінен анық көрінеді. Диссертациялық жұмыстың сапасы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді.</p>

Садықова Раиса Толеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Фаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациясы КР БФМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Садықова Раиса Толеуқызын «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:

ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор

« 14 » желтоқсан 2021 ж.



Картаева А.М.

А.М. Картаеваның қолын распащелен
Персонале және
шапшакы

